

# "БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

---

---

## **Келісілді**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және  
қаржы ұйымдарын бақылау мен  
қадағалау комитетімен

2013 жылғы 22 қарашада

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және  
қаржы ұйымдарын бақылау мен  
қадағалау комитетінің Төрағасы

## **Бекітілді**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2013 жылғы 12 шілдедегі отырыстың  
№ 9 хаттамасы)

## **қолданысқа енгізілді**

2014 жылғы 27 қаңтардан бастап

К.Б. КОЖАХМЕТОВ

# **Талап ету құқықтарына сәйкестендіргіштерді беру ҚАҒИДАСЫ**

---

---

Алматы қ.

2013

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 8 желтоқсандағы отырыстың № 15 хаттамасы);
- 2017 жылғы 16 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) айналыс мерзімі өтіп кеткен және эмиссиялық бағалы қағаздарды өтеу бойынша міндеттемелерін эмитент орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарына сәйкестендіргіштерді беру тәртібін анықтайды (бұдан әрі – талап ету құқықтары).

Осы Қағида Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөліктері болып табылады.

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Негізгі ұғымдар

1. Талап ету құқықтарына сәйкестендіргіштер деп (бұдан әрі – IDR коды) Орталық депозитарий бағалы қағаздарды сәйкестендіру және олардың есебін жүйелеу мақсатында бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына беретін символдардың бірегей жинағы түсініледі.
2. Осы Қағида мақсатында:
  - 1) бағалы қағаздар деп эмиссиялық бағалы қағаздар түсініледі;
  - 2) бағалы қағаздар (қаржы құралдарының) атауы – бағалы қағаздарды шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және өтеудің (егер осы бағалы қағаздардың түрі өтелетін болса) бір шарттарымен біріктірілген, сондай-ақ бірдей белгілерге және деректемелерге ие бірдей барлық бағалы қағаздардың (қаржы құралдарының) жабық жиынтығы деп түсініледі;
  - 3) Орталық депозитарий жүзеге асыратын және IDR берілген және күші жойылған кодтарды және онымен байланысты ақпаратты есепке алуға арналған тізілім сәйкестендіргіштердің тізілімі деп түсініледі;
  - 4) уәкілетті орган деп Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі түсініледі.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*

### 2-бап. IDR коды туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына IDR кодтарын береді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

2. IDR коды "Г" және "О"<sup>1</sup> әртінен басқа араб цифрларының және латын алфавитінің бас әріптері пайдаланылған реттік он екі символды білдіреді және талап ету құқықтарының бірыңғай қайталанбайтын сәйкестендіргіштері үшін арналған.
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына қатысты:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына берілген IDR коды ерекше болып табылады, яғни кез келген басқа атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына қатысты пайдаланылмайды (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*);
  - 2) талап ету құқықтарына берілген IDR коды, осы талап ету құқықтары туындаған, осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша барлық талап ету құқықтары үшін жалпы (сол бұрынғы) болып табылады (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
4. Осы Қағидаға 1-қосымша IDR кодтарының құрылымы мен құрамын анықтайды, оған сәйкес:
  - 1) IDR кодының бірінші-екінші позициясы болған символдар (сол жақтан оңға) префикс – "KZ" символдарын құрайды ("Елдің және оның бөлімдерінің атауларын көрсету үшін кодтар"<sup>2</sup> ISO 3166 халықаралық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды);
  - 2) IDR кодының үшінші-он бірінші позициясы болған символдар (сол жақтан оңға) мазмұны осы Қағиданың 1-қосымшасымен анықталатын негізгі нөмірді білдіреді;
  - 3) IDR кодының он екінші позициясы болған символ (сол жақтан оңға) есептеу тәртібі осы Қағиданың 2-қосымшасында көрсетілген бақылау цифрын білдіреді.

---

<sup>1</sup> "1" және "0" цифрларын шатастырмау үшін.

<sup>2</sup> International Standard ISO 3166 "Codes for the representatives of countries and their subdivisions". iso.gost.ru сайтынан орыс тіліне стандарттың тақырыбын аудару.

## 2-тарау. IDR КОДЫН БЕРУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

### 3-бап. IDR кодын беру кезеңдері

1. Орталық депозитарийдің IDR кодын беруі қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары мынадай кезеңдерді қамтиды:
  - 1) осы Қағиданың 4-бабына сәйкес бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына IDR кодын беру үшін негіздемені туындау фактісін анықтау;
  - 2) осы Қағиданың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары үшін IDR кодын құрастыру;
  - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес құрастырылған IDR кодының бірегейлігін тексеру және осы тексерістің кері нәтижесі болған кезде осы Қағиданың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары үшін IDR кодын қайтадан құрастыру;
  - 4) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары үшін құрастырылған IDR кодын сәйкестендіргіштердің тізіліміне енгізу;
  - 5) осы Қағиданың 4-қосымшасындағы нысан бойынша осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына берілген IDR коды туралы мәліметтерді жасау және осы мәліметтерді тіркеушіге тапсыру;
  - 6) осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына IDR кодын беру туралы хабарламаны жазу (осы атаудағы бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірін көрсетіп) және осы хабарламаны уәкілетті органға беру;
  - 7) Орталық депозитарийдің интернет-сайтында осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына IDR кодын беру туралы ақпаратты орналастыру ([www.kacd.kz](http://www.kacd.kz)).
- (Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*
2. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында сипатталған кезең IDR құрастырылған кодының бірегейлігін тексеруден оң нәтижесі алынбағанға дейін қажет болғанда бірнеше рет қайталанады.
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына қатысты осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында сипатталған кезеңді аяқтау оларға IDR кодының берілгенін білдіреді.

**4-бап. IDR кодын беру үшін негіздемелер**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*

1. Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына Орталық депозитарий қабылдаған осы Қағиданың 3-қосымшасындағы нысан бойынша тіркеушінің сұртауы негізінде IDR кодын береді.
2. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*
3. Талап ету құқықтарына IDR кодын беру үшін негіздеменің туындау фактісі осы баптың 1-тармағына сәйкес тіркеушінің Орталық депозитарийге берген сұратуын осы Қағиданың 3-қосымшасымен белгіленген нысанға сәйкестігіне тексерудің оң нәтижелерін алу фактісі болып табылады.

**5-бап. IDR кодын беру мерзімдері**

Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша туындаған талап ету құқықтарына, осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына IDR кодын беру үшін негіздеме туындаған фактісі болған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей IDR кодын береді.

**3-тарау. IDR КОДЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ КҮШІН ЖОЮ.  
СӘЙКЕСТЕНДІРГІШТЕР ТІЗІЛІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ**

**6-бап. IDR кодын өзгерту және күшін жою**

1. Орталық депозитарийдің қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына бұрын берген IDR коды өзгертілмейді.
2. Орталық депозитарий "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ-ның интернет-сайтында жарияланған осы атаудағы бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою туралы ақпарат негізінде қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына бұрын берілген IDR кодының күшін жояды.

**7-бап. Сәйкестендіргіштер тізіліміне өзгерістер енгізу**

1. Орталық депозитарий мына жағдайларда сәйкестендіргіштер тізіліміне өзгерістер енгізеді (бұрын IDR коды берілген қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына қатысты):
  - 1) тіркеушіден осы талап ету құқықтары туралы сол ақпараттың өзгертілгені туралы және/немесе бұрын сәйкестендіргіштер

тізілімінде ескерілген осы атаудағы бағалы қағаздардың эмитенті туралы мәліметтерді алу;

- 2) осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарына бұрын берілген IDR кодының күшін жою.
2. Сәйкестендіргіштер тізіліміне өзгерістер енгізген кезде Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында бұл туралы ақпаратты орналастырады.

*(Осы тарау Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*

#### **4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**8-бап. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу.  
Орталық депозитарийдің жауапкершілігін шектеу**

1. Орталық депозитарий талап ету құқықтарына IDR кодын беруге қатысты Орталық депозитарийдің қызметіне төлем алмайды.
2. Орталық депозитарий IDR кодтарды берумен, өзгертумен және күшін жоюмен және осы ақпаратпен байланысты таратумен байланысты мүліктегі кез келген нақты шығын, залал немесе жіберілген пайда үшін жауапкершілікті көтермейді.

**9-бап. Осы Қағиданы қолдану ерекшелігі**

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Орталық депозитарий осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін жазылған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, осы нормалардың Қағидада қаншалықты көрсетілгеніне қатыссыз, басшылыққа алуға міндеттенеді.

Президенттің міндетін атқарушы

А.А. Шатанов

Талап ету құқықтарына  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **1-қосымша**

**IDR кодтарының  
ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫ**

Позиция / позициялар (сол жақтан оңға)	Позициядағы қолжетімді символ (позициялардағы қолжетімді символдар)	Түсіндірмелер
1–2	KZ	ISO 3166 халықаралық стандартқа сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік коды
3–4	RD	Талап ету құқықтарын белгілеу
5–11	0000001– 9999999	Орталық депозитарийдің талап ету құқықтары үшін пайдаланатын нөмірлеуіне сәйкес реттік нөмірі (эмитенттің қатысынсыз)
12	0–9	Бақылау цифры <sup>3</sup>

---

<sup>3</sup> Осы Қағидаға 2-қосымшаны қараңыз.



Талап ету құқықтарына  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **2-қосымша**

## IDR кодының бақылау цифрын есептеу

### Т Ә Р Т І Б І

#### 1-қадам.

Префикстің барлық әріптік символдары және IDR кодының базалық нөмірі төменде келтірілген кестеге сәйкес сандармен ауыстырылады; префикстің цифрлық символдары және IDR кодының базалық нөмірі өзгеріссіз қалады.

#### 2-қадам.

1 қадамды орындау нәтижесінде алған сандық қатарда шот бойынша әрбір тақ жеке цифр (оң жақтан солға бастап) соның ішінде нөл де 2-ге көбейтіледі.

#### 3-қадам.

2 қадамды орындау нәтижесінде алған сандық қатарда барлық жеке цифрлар, соның ішінде 2 қадамға екі еселенуге жатпайтын цифрлар да жинақталады.

#### 4-қадам.

Егер 3 қадамды орындау нәтижесінде алған сома нөлге аяқталса, онда бақылау цифры "0" болып табылады.

Егер 3 қадамды орындау нәтижесінде алған сома нөлге аяқталмаса, онда бақылау цифры осы сомадан асатын және он еселі санға жақын осы сомадан есептеу нәтижесі болып табылады.

### Әріптік символдарды санға аудару кестесі

Әріп	Сан	Әріп	Сан	Әріп	Сан	Әріп	Сан
A	10	G	16	N	23	U	30
B	11	H	17	P	25	V	31
C	12	J	19	Q	26	W	32
D	13	K	20	R	27	X	33
E	14	L	21	S	28	Y	34
F	15	M	22	T	29	Z	35

### **IDR кодының бақылау цифрын есептеу мысалы**

IDR коды (он екінші позицияға бақылау цифрынсыз):

**KZRD0000015**

1-қадам. Әріптік символдарды сандармен ауыстыру.

2-қадам. Тақ (оң жақтан солға) цифрды екі есеге арттыру.

Бастапқы сандық қатар (екі еселенетін цифрлардың асты сызылған):

**2 0 3 5 2 7 1 3 0 0 0 0 0 1 5**

Алынған сандық қатар (екі еселеу нәтижесінде алынған санның асты сызылады):

**4 0 6 5 4 7 2 3 0 0 0 0 0 1 10**

3-қадам. Алынған цифрлық қатардың цифрларын жинақтау:

$$4+0+6+5+4+7+2+3+0+0+0+0+0+1+1+0 = 33$$

4-қадам. Бақылау цифрларын анықтау.

3 қадамды орындау нәтижесінде алған сома нөлге аяқталмайды, онда осы сомадан асатын және он еселі санға жақын анықтауы тиіс. 33-ге тең сома үшін осындай сан 40 болып табылады.

Бақылау цифры  $7 = 40 - 33$

IDR толық коды:

**KZRD00000157**

Талап ету құқықтарына  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **3-қосымша**

*[тіркеушінің фирмалық бланкында]*

## **IDR кодын беруге СҰРАТУ**

"Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ айналыс мерзімі өтіп кеткен және эмитент бағалы қағаздарды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған мынадай бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарына IDR кодын беруді сұраймыз.

### **Эмитент туралы мәліметтер.**

Толық атауы

Қысқартылған атауы

Бизнес сәйкестендіру нөмірі\*

Заңды тұлғаны қолданыстағы мемлекеттік тіркеу күні, орны және органы (соңғы мемлекеттік қайта тіркеу)\*

Заңды тұлғаны тіркеу нөмірі\*

Орналасқан орны\*

Нақты мекенжайы (егер орналасқан орнынан ерекшеленетін болса)

Почталық мекенжайы (егер нақты мекенжайынан ерекшеленсе)

Байланыс телефондарының және факстің нөмірі

Бірінші басшының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

---

\* Эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы қолданыстағы куәлікке сәйкес.

### **Бағалы қағаздар туралы мәліметтер**

Бағалы қағаздардың түрі

Бағалы қағаздар шығарылымының нөмірі  
(Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне сәйкес)

Бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірі

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
Талап ету құқықтарына сәйкестендіргіштерді беру қағидасы**

---

---

Бағалы қағаздар айналысы мерзімінің  
басталу және аяқталу күні

Лауазымы

[қойған қолы]

Тегі, инициалдары

Талап ету құқықтарына  
сәйкестендіргіштерді беру  
қағидасына **4-қосымша**

**Талап ету құқықтарына берілген  
IDR коды туралы мәліметтер**

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Алматы қ.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына сәйкес \_\_\_\_\_ IDR кодын беруді куәландырады.

IDR аталған коды айналыс мерзімі өтіп кеткен және эмитент бағалы қағаздарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған мынадай бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші болып табылады.

Эмитенттің толық атауы

Бағалы қағаздардың түрі

Бағалы қағаздар шығарылымының нөмірі  
(Эмиссиялық бағалы қағаздардың  
мемлекеттік тізіліміне сәйкес)

Бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру  
нөмірі

Бағалы қағаздар айналысы мерзімінің  
басталу және аяқталу күні

Лауазымы

[қойған қолы]

Тегі, инициалдары

М.о.